

IPRON®

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ҮЗДІКСІЗ ҚУАТТАНДЫРУ КӨЗІ

Uninterruptible Power Supply

GAME POWER PRO 1000

GAME POWER PRO 1500

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| КІРІСПЕ | 3 |
| ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ | 3 |
| ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТАҢБАЛАР | 4 |
| 1. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ | 5 |
| 2. ТАСЫМАЛДАУ, САҚТАУ, ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ | 8 |
| 2.1 Тасымалдау және сақтау | 8 |
| 2.2 Қаптамадан шығару | 8 |
| 2.3 Жиынтылықты тексеру | 8 |
| 3. СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ МЕН ҚҰРЫЛҒЫСЫ | 9 |
| 3.1 Алдыңғы және артқы панелі | 9 |
| 4. БҰЙЫМДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУ | 10 |
| 4.1 ҮҚК орнату және орналастыру | 10 |
| 4.2 Кәбілдерді қосу | 11 |
| 5. БАСҚАРУ ИНТЕРФЕЙСТЕРІ | 13 |
| 5.1 Батырмалар | 13 |
| 5.2 СК-дисплей | 13 |
| 5.3 Дыбыстық дабыл | 15 |
| 5.4 Ескертулер индикациясы | 15 |
| 5.5 Пайдаланушының теңшелімдері | 16 |
| 5.6 СК-дисплейінің теңшелімдері | 18 |
| 6. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ | 19 |
| 7. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ | 21 |
| 7.1 Аккумулятор батареяларын ауыстыру | 21 |
| 8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ | 23 |
| 9. КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ | 24 |

КІРІСПЕ

Электрондық жабдығыңызды қорғау үшін біздің ҰҚК таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Бұл нұсқаулықта ҰҚК және аккумуляторлық батареяларды монтаждау және техникалық қызмет көрсету кезінде орындалуы керек маңызды нұсқаулар бар. Осы нұсқаулықтағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҰҚК сіздің сезімтал электронды жабдықтарыңызды қуаттандырудағы жаңылыстарды, кернеудің төмендеуін, кернеудің секірісін, желілік шуылды, жоғары вольтты импульстарды, жиіліктің ауытқуын, ауыстырып қосу кезіндегі өтпелі процесстер мен гармоникалық бұрмалануларды қоса алғанда қуаттандырумен байланысты біршама кең тараған мәселелерден қорғауды қамтамасыз етеді.

АРНАЙЫ МҮМКІНДІКТЕР



ЖЕЛІДЕГІ ЖАРҚЫЛДАРДАН
ҚОРҒАУ



ТАЗА СИНУСОИДПЕН
ЖЕЛІЛІК-ИНТЕРАКТИВТІ



КОМПЬЮТЕР/ТЕЛЕФОН
ЖЕЛІСІН ҚОРҒАУ



ЕУРО РОЗЕТКАЛАР



СК-ДИСПЛЕЙ



АВТОМАТТЫ КЕРНЕУ
РЕТТЕГІШІ



ДЫБЫСТЫҚ
ҚҰЛАҚТАНДЫРУДЫ ӨШІРУ



БАТАРЕЯЛАРДЫ ОҢАЙ
АУЫСТЫРУ



КІРІКТІРІЛГЕН USB-A ЗАРЯДТАУ
ҚҰРЫЛҒЫСЫ



АРТЫҚ ЖҮКТЕМЕДЕН
ҚОРҒАНЫС

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТАҢБАЛАР



ЭЛЕКТР ТОҒЫМЕН ЗАҚЫМДАНУ ҚАУПІ - Осы таңбамен белгіленген қауіпсіздік қағидаларын қатаң сақтау қажет.



Орындауға міндетті маңызды нұсқаулар.



Кәдеге жарату үшін қорғасын-қышқылды батареяларды бөлек жинау қажеттілігін көрсететін таңба. Қорғасын-қышқылды батареяларды тұрмыстық қоқыспен тастауға тыйым салынады; оларды қайта өңдеу үшін бөлек жинап, тапсыру керек.



Кәдеге жарату үшін электрлік және электрондық жабдықтарды бөлек жинау қажеттілігін көрсететін таңба. Электрлік және электрондық жабдықтарды тұрмыстық қоқыспен тастауға тыйым салынады; оны қайта өңдеу үшін бөлек жинап, тапсыру керек.



Ақпарат, кеңестер, көмек.



Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.

1. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ



Бұйымды орнату немесе пайдалану алдында осы нұсқаулықты және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарды мұқият оқып шығу қажет!

Жұмысқа дайындық

- ҮҚК-ні бөлшектеуге тек дайындалған техникалық қызметкерлерге ғана рұқсат етіледі.
- ҮҚК кірісін оның шығысына қосуға тыйым салынады.
- ҮҚК-ға ұзартқыштарды немесе асқын кернеуді шектегіштерді қосуға тыйым салынады.
- ҮҚК-ге тек компьютерлік жабдықты қосу керек. Оған медициналық жабдықты, тіршілікті қамтамасыз ету аппаратурасын, қысқа толқынды пештерді, шаңсорғыштарды және т. б. қосуға тыйым салынады.
- ҮҚК-ні суық үй-жайдан жылы үй-жайға ауыстырған кезде, онда конденсат пайда болуы мүмкін. Орнатар алдында ҮҚК мүлдем құрғақ болуы керек. ҮҚК-дегі конденсатты жою үшін кем дегенде екі сағат күтіңіз.
- ҮҚК-ні ашық судың жанында немесе ылғалды ортада орнатуға тыйым салынады.
- ҮҚК-ні тікелей күн сәулесі, жауын-шашын немесе жоғары ылғалдылық әсер етуі мүмкін жерлерде орнатуға тыйым салынады.
- ҮҚК корпусындағы желдеткіш саңылауларды бөгеуге тыйым салынады. Орнатқаннан кейін ҮҚК алдыңғы, бүйір және артқы панельдеріндегі желдеткіш саңылауларының бітелмегеніне көз жеткізу керек.
- ҮҚК-ні жылыту жабдықтарының, жылу көздерінің жанында және жоғары температураның әсеріне ұшырауы мүмкін басқа да жерлерде орнатуға тыйым салынады.
- ҮҚК тазалау үшін құрғақ матаны пайдалану керек.

Орналастыру және қосылу

- ҮҚК жасанды микроклиматы бар үй-жайларда орнатуға арналған (температурасы реттелетін және ауада өткізгіш қоспалары жоқ). ҮҚК-ні ылғалдылығы жоғары жерлерде, суы бар ашық ыдыстардың немесе оны ағызуға арналған науалардың жанында орнатуға тыйым салынады.
- **Назар аударыңыз!** Осы бұйымның құрылмасын немесе түрленімін өндіруші рұқсат етпеген кез келген өзгертулер пайдаланушының осы бұйымды пайдалану құқығының жоюға әкелуі мүмкін.
- **Назар аударыңыз!** Бұл ҮҚК С2 санатындағы бұйым болып табылады. Тұрғын үй-жайларда қолданған кезде ол радио кедергілердің көзі болуы мүмкін, оны басу үшін қосымша шаралар қажет болуы мүмкін.

ҮҚҚ-мен жұмыс

- ҮҚҚ ішіне сұйықтық немесе бөгде заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Асқын жүктеме тудыруы мүмкін аспаптарды немесе құрылғыларды ҮҚҚ шығыс розеткаларына қоспаңыз.
- Кәбілдерді ешкім оларды баспайтындай және аяқтары тиіп кетпейтіндей етіп төсеу керек.
- Тұрмыстық аспаптарды (фендер және т.б.) ҮҚҚ шығыс розеткаларына қоспаңыз.
- ҮҚҚ арнайы дайындықсыз қызметкерлердің пайдалануына есептелген.
- ҮҚҚ-ні тек ҮҚҚ жанында орналасқан қорғаныс жерге тұйықтау түйіспесі бар соққыға төзімді розеткаға қосу керек.
- ҮҚҚ-ні ғимараттың тарату желісіне қосу үшін (соққыға төзімді розетка) тек VDE сынақтарынан өткен және тиісті таңбаламасы бар қуат кәбілдерін пайдалануға рұқсат етіледі.



Техникалық қызмет көрсету және электр қауіпсіздігі



ҮҚҚ-ні бөлшектеуге тыйым салынады. ҮҚҚ-ге тек білікті қызмет көрсетуші қызметкерлер күтіп ұстауы керек. Жабдықтың ішінде пайдаланушының қызмет көрсетуіне арналған бөліктер жоқ.

- ҮҚҚ жерге сенімді тұйықталуы керек. ҮҚҚ-ні желіге қоспас бұрын, қосқыш сымның бүтіндігіне және батареяларды қосудың дұрыс полярлығына көз жеткізіңіз.
- Егер ҮҚҚ-ні басқа жерге жылжыту немесе қуат кәбілін қайта қосу қажет болса, барлық жүктемелерді міндетті түрде ажыратып, содан кейін ҮҚҚ-ні өшіріңіз.
- Қосымша керек-жарақтарды пайдаланыңыз.



- **Назар аударыңыз!** Электр тоғымен зақымдану қаупі. ҮҚҚ ғимараттың тарату желісінен ажыратылғаннан кейін де, ҮҚҚ ішіндегі компоненттер батареяға қосылған күйде қалады және қауіпті кернеуде болады.
- Кез келген техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындамас бұрын, батареяларды ажыратып, конденсаторлардың шықпаларында қуат пен қауіпті кернеудің жоқтығына көз жеткізіңіз (мысалы, түзеткіштің шығысындағы сүзгілеу конденсаторлары).
- ҮҚҚ тұтанған кезде ұнтақты немесе көмірқышқыл өрт сөндіргішті қолдану қажет. Ауа-көбікті және су өрт сөндіргіштерін пайдалану электр тоғымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

Батареяларды қауіпсіз пайдалану

- Батареялардың қызмет ету мерзімі қоршаған ортаның температурасына байланысты: жоғары температура батареялардың қызмет мерзімін төмендетеді. Батареяны үнемі ауыстыру ҮҚҚ-нің тиімді жұмысын қолдауға және автономды қуаттандырудың оңтайлы мерзімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- Батареяларға тек білікті қызметкерлер қызмет көрсетуі және ауыстыруы керек.



- Батареяның қысқа тұйықталуы кезінде номиналды тоқтан едәуір жоғары тоқ пайда болуы мүмкін, бұл үлкен қауіп төндіреді. Төменде көрсетілген барлық сақтық шараларын, сондай-ақ батареялармен жұмыс істеу кезінде қажет келген басқа шараларды қабылдаңыз:

- а. Сағаттарды, сақиналарды және басқа металл заттарды өзіңізден шешіп алыңыз.
- б. Оқшауланған жұмыс бөліктері мен тұтқалары бар құралдарды қолданыңыз.
- с. Резеңке биялаймен және диэлектрлік боттармен жұмыс жасаңыз.
- д. Батареяларға құралдар мен металл заттарды қоюға тыйым салынады.
- е. Батареяны ажыратып, қоспас бұрын оның зарядтау құрылғысын тоқтан ажыратыңыз.



- Батареяларды жағу арқылы кәдеге жаратуға тыйым салынады. Бұл жарылуға әкелуі мүмкін.



- Батареяларды деформациялауға немесе ашуға тыйым салынады. Ағып шыққан электролит теріге және көзге қауіпті. Сонымен қатар, ол улы. Егер ағып шыққан электролит дененің ашық жерлеріне тисе, оны суық сумен шайып, дереу дәрігерге қаралыңыз.

- Батарея қысқыштарын металл заттармен тұйықтамаңыз, бұл электр тоғымен зақымдануға, өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.

2. ТАСЫМАЛДАУ, САҚТАУ, ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ

2.1 Тасымалдау және сақтау

- Механикалық зақымдарды болдырмау үшін ҮҚК-ні тек төлнұсқалы қаптамада тасымалдауға рұқсат етіледі.
- Пайдалану және сақтау шарттары ҮҚК қызмет мерзімі мен сенімділігіне әсер етеді.
- ҮҚК-ні төменде көрсетілген жерлерде орнатуға және сақтауға тыйым салынады.
 - a. Қоршаған орта температурасы 0 °С-тан төмен немесе +40 °С-тан жоғары жерлерде.
 - b. Салыстырмалы ылғалдылығы 20% төмен немесе 90% жоғары жерлерде.
 - c. Құрамында жанғыш немесе жемір газдар, тоқ өткізгіш шаң бар орталарда; ҮҚК механикалық соққыларға немесе дірілге ұшырауы мүмкін жерлерде және ашық ауада.
- ҮҚК тек зарядталған батареямен сақталуы керек (ҮҚК алдын-ала 5 сағат бойы зарядталады). ҮҚК-ні салқын, құрғақ жерде тік күйінде сақтаңыз. Сақтау кезінде батареяларды келесі кестеге сәйкес зарядтау керек:

| Сақтау кезіндегі температура | Заряд жиілігі | Зарядтың ұзақтығы |
|------------------------------|------------------|-------------------|
| 0-ден +40°С-қа дейін | Әрбір 3 ай сайын | 1-2 сағ |

2.2 Қаптамадан шығару

1. Қаптаманы алып тастаңыз және ҮҚК тасымалдау кезінде зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
2. Егер қандай да бір зақым анықталса, жеткізушімен байланысу қажет. Болашақта пайдалану үшін төлнұсқалы қаптаманы сақтап қойыңыз.

2.3 Жиынтылықты тексеру


Қаптамада келесі бұйымдар болуы керек:

1. ҮҚК
2. USB-кабелі
3. Пайдаланушы нұсқаулығы

3. СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ МЕН ҚҰРЫЛҒЫСЫ


Game Power Pro - бұл дербес компьютерлер мен сезімтал электронды жабдықтарды кедергінің барлық нысандарынан, соның ішінде қуаттың толық ажырауынан қорғауға арналған шығыс кернеуінің синусоидалық нысаны бар зияткерлік желілік интерактивті ҮҚК (үздіксіз қуат көзі).

3.1 Алдыңғы және артқы панелі



4. БҰЙЫМДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУ

4.1 ҮҚК орнату және орналастыру

 Қауіпті! Монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік мақсатында ҮҚК электр желісінен толығымен ажыратылуы қажет.

ҮҚК-ні пайдалануға енгізбес бұрын оны орнату үшін дұрыс орынды таңдау керек.

ҮҚК тегіс және таза бетке орналастырылуы керек. Орналастыру орны дірілден, шаңнан, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан, тез тұтанатын сұйықтықтар мен газдардан, коррозиялық және тоқ өткізгіш ластаушы заттардан қорғалуы керек. ҮҚК-ні таза үй-жайда, терезелер мен есіктерден алыс жерде орнату керек.



Толық жүктеме кезінде ҮҚК-нің қалыпты жұмысы теңіз деңгейінен 1000 м биіктікте қамтамасыз етіледі. ҮҚК 1000 м-ден астам биіктікте жұмыс істеген кезде оның жүктеме қабілеті төмендейді. Биіктікке байланысты номиналды жүктеме қуатының төмендеуі төменде берілген:

| Теңіз деңгейінен биіктігі, м | Түзету коэффициенті ¹⁾ |
|------------------------------|-----------------------------------|
| 1 000 | 1,0 |
| 1 500 | 0,95 |
| 2 000 | 0,91 |
| 2 500 | 0,86 |
| 3 000 | 0,82 |
| 3 500 | 0,78 |
| 4 000 | 0,74 |
| 4 500 | 0,7 |
| 5 000 | 0,67 |

Теңіз деңгейінде құрғақ ауаның тығыздығы =1,225 кг/м³ кезінде, +15 °С

¹⁾ Биіктік жоғарылаған кезде ауамен мәжбүрлі салқындату тиімділігі төмендейтіндіктен, ҮҚК сипаттамалары нашарлайды.

ҮҚК орналастыру. Бұл ҮҚК салқындату үшін желдеткішпен жабдықталған. Сондықтан ҮҚК жақсы желдетілетін үй-жайға орналастырылуы керек. Беткі панельдің алдындағы бос кеңістік кемінде 100 мм, бүйір және артқы жақтардың әрқайсысының алдында – жылу бұру мен қызмет көрсетудің қарапайымдылығы үшін кемінде 300 мм болуы керек.

4.2 Кәбілдерді қосу

1-қадам. ҮҚК кірісіне қосу

ҮҚК-ні тек үш сымды кәбілмен қорғаныс жерге тұйықтау түйіспесі бар қос полюсті розеткаға қосу керек. Ұзартқышты пайдаланбаңыз. ҮҚК-ні бірінші рет қолданар алдында зарядтау уақыты - кемінде 5 сағат. ҮҚК желіге қосылған кезде батареяны зарядтайды.

Ескертпе. ҮҚК-нің батареядан жұмыс істеу уақыты батарея толығымен зарядталғанша номиналдан аз болады.

Ескертпе. ҮҚК кірісіне желілік қуат беру кезінде (бұл кезде ҮҚК өзі әлі де өшірілген), асқын кернеуден қорғалған шығыс розеткаларында кернеу болады.

2-қадам. ҮҚК шығысына қосу

Резервтік қуат розеткалары

Резервтелетін жүктемелерді (мысалы, компьютер мен монитор) «Battery Backup (Резервтік қуат)» розеткаларына қосыңыз. Бұл розеткалар батареяның жұмыс режимінде қуат беруді, электр магниттік кедергілерді сүзгілеуді, электр қуатын тұрақтандыруды және асқын кернеуден қорғауды қамтамасыз етеді. Батареядан қуаттау режимі желілік электр қуатының жаңылыстары жағдайында автоматты түрде қосылады.

Асқын кернеуден қорғайтын розеткалар

Резервтелмейтін жүктемелерді (мысалы, принтер, факс немесе сканер) асқын кернеуден қорғанысы бар розеткаларға қосыңыз. Бұл розеткалар желілік электр қуатының жаңылыстары кезінде қуатпен қамтамасыз етпейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қуатты жүктемелерді, мысалы, лазерлік принтерлерді резервтік қуат розеткаларына қосуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Олар электр қуатын көп тұтынады және ҮҚК-ні шамадан тыс жүктеуі мүмкін.

3-қадам. Модемді/телефонды/желілік құрылғыны қосу

Сыртқы модем/телефон желісін ҮҚК артқы панеліндегі «IN» ағытпасына қосыңыз. Желіге қосылатын құрылғыны (телефон, модем немесе ДК) «OUT» ағытпасына қосыңыз.

4-қадам. Коммуникациялық портты қосу және бағдарламалық жасақтаманы орнату

USB кәбілінің бір ұшын компьютерге, ал екіншісін ҮҚК артындағы USB портына қосыңыз.

Viewpower бағдарламалық жасақтамасының жаңа нұсқасын <https://ippon.ru/support/documentation/> сайтынан қатқыл дискіге жүктеп алыңыз. Бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз.


UPS желісіне қосылған компьютердің CPU параметрлерін бақылау үшін CPU Monitor бағдарламалық құралын орнатыңыз және іске қосыңыз. Бағдарламаны сайттан жүктеп алуға болады <https://ippon.ru/support/documentation/>

АМИ функциясы (опция)

Егер бұл ҰҚК қосымша АМИ функциясымен жабдықталған болса, USB-порт арқылы Microsoft Windows ОЖ орнатылған бір компьютерді қосуға болады. Бұл мониторингтеуге арналған бағдарламалық жасақтама болмаса да, қуаттың жаңылысы кезінде жұмысты қауіпсіз аяқтауға мүмкіндік береді.

5-қадам. ҰҚК-ні қосу

ҰҚК қолданбас бұрын, алынбалы басқару панелінің астынан осы жапсырманы міндетті түрде алып тастаңыз.





ҰҚК қосу үшін алдыңғы панелдегі ҚОСУ/ӨШІРУ батырмасын 2 секунд басып ұстап тұрыңыз. ҰҚК бір дыбыстық сигнал береді, ал жарықдиодты RGB жарықтандыру келесі реттілікпен әртүрлі түстермен жанады: көгілдір, қызғылт сары, сары, жасыл, көк, күлгін және 6 секунд бойы төменнен жоғары қарай жүріп өтеді. Содан кейін СК-дисплей жанады.



Алынбалы басқару панелімен жұмыс

СК панелін алып тастауға және өзіңізбен бірге алып жүруге болады. Төмендегі суреттерде ҰҚК бар басқару панелін қалай алып тастау керектігі көрсетілген. Алынған панель мен ҰҚК арасындағы қашықтық 6 м-ден аспауы керек.




Панельдің артқы жағында никель-металл гидридті батарея орнатылған. Панель ҰҚК-ге орнатылған кезде батарея автоматты түрде зарядталады. Батарея зарядының деңгейі төмен болған кезде  белгішесі жыпылықтай бастайды, бұл пайдаланушыға басқару панелін зарядтау қажеттілігі туралы хабарлайды.

5. БАСҚАРУ ИНТЕРФЕЙСТЕРІ

5.1 Батырмалар



| Батырма | Атқарым |
|---------------|--|
| ҚОСУ / СӨНД. | <ul style="list-style-type: none"> ҮҚК қосу және өшіру, 2 секунд басып ұстап тұрыңыз. ҚОСУ/СӨНД. батырмасын 10 секунд басып ұстау арқылы, алынбалы басқару панелі мен ҮҚК арасындағы байланыстың жаңылысы жағдайында ҮҚК-ні қайта жүктеуге болады. Сымсыз қосылымды арылту үшін 5 рет жылдам басыңыз. |
| ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ | Дыбыстық сигналды қосу немесе өшіру үшін 2 секунд басып ұстап тұрыңыз. |
| ЖОҒАРЫ/ ТӨМЕН | <ul style="list-style-type: none"> Көрсетілген ақпаратты ауыстыру үшін 0,5 секунд басып ұстап тұрыңыз. Теңшелімдер мәзіріне кіру үшін 2 секунд басып ұстап тұрыңыз. |

5.2 СК-дисплей



| Көрсету | Атқарым |
|--|---|
| Конфигурация және ақаулар туралы ақпарат | |
| | Ақаулық кодтарын немесе ескертулерді көрсету. |
| Дыбысты сөндіру | |
| | ҮҚК апаттық дабылы өшірілгенін көрсетеді. |

| Көрсету | Атқарым |
|---|---|
| Кіріс және шығыс параметрлері, батарея, автономды жұмыс мерзімі және жүктеме туралы ақпарат | |
|  | <p>Кіріс кернеуін, кіріс жиілігін, батарея кернеуін, батарея зарядын, автономды жұмыс уақытын, шығыс кернеуін, шығыс жиілігін, жүктеме қуатын, жүктеменің проценттік мәндерін, никель-металл гидридті батарея параметрлерін, ДК ОП жылдамдығын, оның температурасын және жүктеу процентін көрсету.</p> <p>К: кило, W: ватт, V: вольт, A: ампер, %: проценттер, °C: Цельсий градустары, Hz: герц, min: минуттар.</p> |
| Жүктеме туралы ақпарат | |
|  | <p>Жүктеме деңгейін көрсетеді: 0-24 %, 25-49 %, 50-74 % и 75-100 % немесе асқын жүктеме туралы ескерту.</p> |
| Жұмыс режимі туралы ақпарат | |
|  | <p>ҮҚК желілік режимде жұмыс істейді.</p> |
|  | <p>ҮҚК AVR режимінде жұмыс істейді (кернеуді автоматты түрде реттеу).</p> |
|  | <p>ҮҚК батареядан автономды режимде жұмыс істейді.</p> |
|  | <p>Жарықдиодты жарықтандыруды теңшеу.</p> |
|  | <p>ҮҚК-ге қосылған ДК процессорының температурасын көрсету Апатты дабылды температура бойынша теңшеу.</p> |
|  | <p>ДК процессорының жылдамдығын көрсету</p> |
|  | <p>ДК процессорының жүктеу деңгейін көрсету</p> |
|  | <p>Сымсыз байланыс орнатылғанын көрсетеді.</p> |
|  | <p>Алынбалы басқару панелі мен ҮҚК арасындағы байланыстың болуын көрсетеді.</p> |

| Батарея туралы ақпарат | |
|---|---|
|  | Батарея зарядының деңгейін көрсетеді: 0-24 %, 25-49 %, 50-74 % және 75-100 %. Батарея зарядының деңгейі төмен болған кезде «LOW BATT» белгішесі көрсетіледі. |
|  | Алынбалы басқару панелінде никель-металл гидридті батареяның заряд деңгейін көрсету. |

* ҰҚК ақаулары жағдайларын қоспағанда, СК дисплейінің жарықтандыруы 1 минут ішінде белсенділік болмаған кезде автоматты түрде өшеді (егер панель ҰҚК-ден алынып тасталса, 30 секунд).

5.3 Дыбыстық дабыл

| | |
|-----------------------------|------------------------------|
| Артық жүктеме | Әр 0.5 секунд сайын 1 сигнал |
| Батарея тоғынан ажыратылған | Әр секунд сайын 1 сигнал |
| Артық заряд | Әр 1.5 секунд сайын 1 сигнал |
| Батареяны ауыстыру | Әр 2 секунд сайын 1 сигнал |
| Батареялардың қуат режимі | Әр 10 секунд сайын 1 сигнал |
| Ақаулық | Үздіксіз дабыл |







5.4 Ескертулер индикациясы





| Көрсету | Ескерту | Жыпылықтау | Апатты дыбыстық сигнал |
|---|---|----------------------------|---------------------------------|
|  | Шығыстағы тоқ бойынша артық жүктеме | 0.5 с кезеңімен жыпылықтау | 0.5 с кезеңімен дыбыстық сигнал |
|  | Артық жүктеме | 0.5 с кезеңімен жыпылықтау | 0.5 с кезеңімен дыбыстық сигнал |
|  | Батарея тоғынан ажыратылған | 0.5 с кезеңімен жыпылықтау | 1 с кезеңімен дыбыстық сигнал |
|  | Батареяны ауыстыру талап етіледі немесе батарея қосылмаған. | Үнемі жанып тұрады | 2 с кезеңімен дыбыстық сигнал |
|  | Никель-металл гидридті батареяны дұрыс зарядтамау | 0.5 с кезеңімен жыпылықтау | Жоқ |

5.5 Пайдаланушының теңшелімдері

«ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН» батырмасын 2 секунд басып тұрғаннан кейін ҰҚҚ теңшеу режиміне өтеді. Теңшеу бағдарламаларын таңдау үшін «ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН» батырмасын басыңыз. Опцияларды таңдау бетіндегі «ҚОСУ/СӨНД» батырмасын басыңыз. Опцияларды таңдауға қол жеткізу үшін «ҚОСУ/СӨНД» батырмасын тағы бір рет басыңыз. Опцияларды ауыстыру үшін «ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН» батырмасын басыңыз. Опцияны таңдағаннан кейін растау үшін «ҚОСУ/СӨНД» батырмасын немесе шығу үшін «MUTE (Дыбысты өшіру)» батырмасын басыңыз.

















Теңшелімдер бағдарламалары:

| Бағдарлама | Сипаттамасы | Таңдау нұсқалары | |
|---|---|---|---|
|  | Жарықтандыруды қосу/сөнд. | Сөнд.: жарықдиодты жолақтар мен СК-дисплей берілген теңшелімдерге сәйкес жұмыс істейді. <i>ESd</i> | Қосу: егер ҰҚҚ байпас режимінде жұмыс істесе және батарея толық зарядталған болса, жарықдиодты жолақтар мен СК-дисплей жарықтандыруы автоматты түрде өшеді. <i>ESE</i> |
|  | ДК процессорының температурасы бойынша апатты дабыл | +50 °C <i>P 50</i> | +60 °C (әдепкі бойынша) <i>P 60</i> |
| | | +70 °C <i>P 70</i> | +80 °C <i>P 80</i> |
| | | +90 °C <i>P 90</i> | |
|  | RGB жарықтандыруын қосу/сөнд. | Сөндірулі <i>ELdS</i> | Қосулы (әдепкі бойынша) <i>ELEn</i> |
| | | ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ <i>ELES</i> | |
|  | RGB жарықтылығы | Төмен <i>b LO</i> | Орташа (әдепкі бойынша) <i>b70r</i> |
| | | Жоғары <i>b Hl</i> | |
|  | RGB жыпылықтау жылдамдығы | Төмен <i>S LO</i> | Орташа (әдепкі бойынша) <i>S70r</i> |
| | | Жоғары <i>S Hl</i> | |
|  | RGB визуалды эффектілері | Толықсу (әдепкі бойынша) <i>nbtE</i> | Жыпылықтау <i>nScT</i> |
| | | Үнемі жарқырау <i>nSOL</i> | |

| | | | | | |
|---|---|--------------------------|------|------------------------|------|
|  | Желілік режимде RGB түсін таңдау | Ақ түсті | 10H1 | Сары | 10YA |
| | | Сары (әдепкі бойынша) | 14EL | Жасыл | 10YE |
| | | Көк | 16LU | Күлгін | 1PUL |
| | | Басқалар | 10EH | | |
|  | AVR режимінде RGB түсін таңдау | Ақ түсті | 20H1 | Сары | 20YA |
| | | Сары | 24EL | Жасыл (әдепкі бойынша) | 20YE |
| | | Көк | 26LU | Күлгін | 2PUL |
| | | Басқалар | 20EH | | |
| | Автономды режимде RGB түсін таңдау | Ақ түсті | 30H1 | Сары | 30YA |
| | | Сары | 34EL | Жасыл | 30YE |
| | | Көк (әдепкі бойынша) | 36LU | Күлгін | 3PUL |
| | | Басқалар | 30EH | | |
| P7 | Дисплейдің жарықтандыруын басқару | | | | |
|  | Алынбалы панель YҚК-ге қосылған кезде | 1 мин (әдепкі бойынша) | 1 1 | Үнемі қосулы | 1bDE |
| | Теңшеу диапазоны: үнемі қосу және 1-ден 60 минутқа дейін. Әр басқан сайын 1 минутқа үстелу. | | | | |
|  | Алынбалы панель қосылмаған кезде YҚК-ге қосылған кезде | 0,5 мин (әдепкі бойынша) | 2 05 | Үнемі қосулы | 2bDE |
| | Орнату диапазоны: үнемі қосу және 0,5-тен 30 минутқа дейін. Әр басқан сайын 0,5 минутқа үстелу. | | | | |




5.6 СК-дисплейінің теңшелімдері

СК-дисплейде көрсетілетін ақпарат «ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН» батырмасын ретпен басу арқылы ауыстырылады. Көрсетілген ақпарат келесі ретпен ауыстырылады: кіріс кернеуі, кіріс жиілігі, батарея кернеуі, батарея заряды, батареяның қызмет ету мерзімі, шығыс кернеуі, шығыс жиілігі, Вт-пен шығыс қуаты, жүктеменің проценттік мәні, никель-металл гидридті батарея кернеуі, ДК ОП жиілігі, ДК ОП температурасы, ОП жүктеме деңгейі, микробағдарламалық жасақтама басқару панельдері және ҰҚК нұсқалары, ҰҚК басқару тақшасының микробағдарламалық жасақтамасының нұсқасы.

| Көрсетілген ақпарат | Дисплей | Көрсетілген ақпарат | Дисплей |
|---|---|--|---|
| Кіріс кернеуі |  | Жүктеменің проценттік мәні |  |
| Кіріс жиілігі |  | Никель-металл гидридті батареяның кернеуі |  |
| Батарея кернеуі |  | ДК ОП жиілігі |  |
| Батареяның заряды |  | ДК ОП температурасы |  |
| Автономды жұмыстың есептік уақыты |  | ОП жүктеу деңгейі |  |
| Шығыс кернеуі |  | Басқару панелінің микробағдарламалық жасақтамасының нұсқасы |  |
| Шығу жиілігі |  | ҰҚК микробағдарламалық жасақтамасының нұсқасы |  |
| Шығыс қуаты (резервтік қуат розеткаларының жиынтық қуаты көрсетіледі) |  | ҰҚК басқару тақшасының микробағдарламалық жасақтамасының нұсқасы |  |

6. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Егер ҮҚК дұрыс жұмыс істемесе, төменде берілген кестені пайдаланыңыз.

| Ақаулық / ақаулық коды | Ықтимал себеп/апатты жағдай | Жою бойынша әрекеттер |
|--|---|--|
| ҮҚК ҚОСУ/СӨНД батырмасын басқаннан кейін қосылмайды | ҚОСУ/СӨНД батырмасы жеткілікті ұзақ басып ұсталмады | ҚОСУ/СӨНД батырмасын кем дегенде 2 секунд басып ұстап тұрыңыз, содан кейін босатыңыз |
| Желілік электр қуаты қалыпты, бірақ ҮҚК автономды режимде жұмыс істейді | Қуат кәбілі ажыраған | Қуат кәбілін қайта қосыңыз |
| | Автоматты ажыратқыш іске қосылды | Кіріс автоматты ажыратқышты қосыңыз. Егер ҮҚК қайта іске қосылғаннан кейін кірісте автоматты ажыратқыш іске қосылса, ҮҚК-ден жүктеменің бір бөлігін ажыратыңыз |
| «AC mode» белгішесі жанып тұр, бірақ шығыстағы кернеу жоқ | ҮҚК-де ішкі ақаулық туындады | USB кәбілін ҮҚК-ден ажыратыңыз, ҚОСУ/СӨНД. батырмасын басыңыз. Егер ҮҚК қалыпты жұмыс істесе, онда мәселе бағдарламалық жасақтаманы басқарудан туындаған |
| Автономды жұмыс уақыты номиналды мәннен аз | Батареялар толық зарядталмаған | Батареяларды кем дегенде 5 сағат зарядтаңыз, содан кейін заряд деңгейін тексеріңіз. Егер мәселе шешілмесе, жеткізушінің көмегіне жүгініңіз |
| | Батареялар ақауы | Батареяны ауыстыру үшін жеткізушіге хабарласыңыз |
| E12 апатты коды және  белгішесі жанып тұр | Автономды жұмыс режиміндегі шығыс кернеуі тым жоғары | Жеткізушіге хабарласыңыз |
| E13 апатты коды және  белгішесі жанып тұр | Автономды жұмыс режиміндегі шығыс кернеуі тым төмен | Жеткізушіге хабарласыңыз |
| E32 ескерту коды және  белгішесі жыпылықтайды | ҮҚК және алынбалы басқару панелі арасындағы байланыстың жоғалуы | Жеткізушіге хабарласыңыз |

| | | |
|---|--|---|
| <p>E32 ескерту коды және  белгішесі жыпылықтайды</p> | <p>Алынбалы басқару панелі мен ҰҚК арасындағы қашықтық сымсыз байланыс үшін тым үлкен</p> <p>Түйістіру процесінде қатенің пайда болуы.</p> | <p>Алынбалы басқару панелін ҰҚК-ден рұқсат етілген қашықтықта ұстаңыз</p> <p>Түйістіруді арылту үшін «ҚОСУ/СӨНД.» батырмасын 5 рет жылдам басыңыз. Осы сәтте алынбалы басқару панелі ҰҚК-ге қосылуы керек</p> |
| <p>E14 апатты коды және  белгішесі жанып тұр</p> | <p>Шығудағы қысқа тұйықталу</p> | <p>Қосылған жүктемелерді қысқа тұйықталудың бар-жоқтығына тексеріңіз. Қысқа тұйықталу туындаған жүктемелерді өшіріңіз және ҰҚК қайта іске қосыңыз</p> |
| <p>E15 апаттық коды және  белгішесі жанып тұр</p> | <p>Шығыстағы тоқ бойынша артық жүктеме</p> | <p>Жабдықтың бір бөлігін өшіре отырып жүктемені азайтыңыз</p> |
| <p>E20 апаттық коды және  белгішесі жанып тұр</p> | <p>Желдеткіш ақауы</p> | <p>Жеткізушіге хабарласыңыз</p> |
| <p>E21 апаттық коды</p> | <p>Батареяның шектен тыс заряды</p> | <p>Жеткізушіге хабарласыңыз</p> |
| <p>E28 апаттық коды және  белгішесі жанып тұр</p> | <p>Батареяны асыра зарядтау</p> | <p>Батареяны ауыстыру қажет. Егер батареяны ауыстырғаннан кейін ақаулық жойылмаса, жеткізушіге хабарласыңыз</p> |
| <p>E43 апаттық коды және  белгішесі жанып тұр</p> | <p>Артық жүктеме</p> | <p>Жеткізушіге хабарласыңыз</p> |
| <p> белгішесі жанады және үздіксіз дабыл</p> | <p>ҰҚК-де ішкі ақаулық туындады</p> | <p>Жеткізушіге хабарласыңыз</p> |

7. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҰҚК-ні бөлшектеуге тыйым салынады. ҰҚК-ге тек білікті қызмет көрсетуші қызметкерлер күтіп ұстауы керек. Жабдықтың ішінде пайдаланушы қызмет көрсетуге жарамды бөлшектер жоқ.

7.1 Аккумулятор батареяларын ауыстыру

Батареяларға қызмет көрсетуді бастамас бұрын, барлық ЕСКЕРТУЛЕР МЕН САҚТАНДЫРУЛАРДЫ оқып шығыңыз. Батареяның әдеттегі қызмет мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін. Оның ұзақтығына қоршаған орта жағдайлары әсер етеді. Жоғары температура, электрмен жабдықтаудың төмен сапасы және жиі қысқа разрядтар батареяның қызмет ету мерзімін төмендетеді.

- **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Батареяларды отқа лақтыруға тыйым салынады. Олар жарылуы мүмкін!
- **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Батареяларды деформациялауға немесе ашуға тыйым салынады. Ағып шыққан электролит теріге және көзге қауіпті. Сонымен қатар, ол улы.
- **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Батарея қысқа тұйықталудың үлкен тоғына байланысты электр тоғымен зақымдану немесе күйю қаупін тудыруы мүмкін. Жерге қосылған батареяның кез келген бөлігіне жанасу электр тоғымен зақымдануға әкелуі мүмкін. Батареялармен жұмыс істеу кезінде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:
 - Қол сағаттарын, сақиналарды және басқа металл заттарды шешіп тастаңыз.
 - Тек оқшауланған тұтқалары бар құралдарды қолданыңыз.
 - Резеңке биялаймен және диэлектрлік боттармен жұмыс жасаңыз.
 - Батареяларға құралдар мен металл заттарды қоюға тыйым салынады.
 - Батареяны орнатар алдында немесе қызмет көрсетер алдында заряд тоғы мен жүктемені өшіріңіз.
- **Назар аударыңыз!** Электр тоғымен зақымдану қаупі. Батарея тізбегі кіріс кернеу тізбегіне қосылған. Батарея шықпалары мен жер арасында қауіпті кернеу пайда болуы мүмкін. Оларға қол тигізбес бұрын, кернеудің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Өрттің алдын алу үшін сақтандырғышты немесе автоматты ажыратқышты тек сол типті және номиналды құрылғыларға ауыстыруға жол беріледі.
- Батареяларды тек батареялармен жұмыс тәжірибесі бар және қажетті сақтық шараларын сақтайтын адамдар ауыстырады. Мұндай жұмыс түрлеріне рұқсаты жоқ адамдар батареялардан жеткілікті қашықтықта болуы керек.
- **Назар аударыңыз!** Жаңа батареялар ҰҚК-де бастапқыда орнатылғандармен бірдей типте және бірдей мөлшерде болуы керек. Батареяларда батарея ішіндегі қысымды реттейтін қысымтығындар бар. ҰҚК қызмет көрсетуді қажет етпейтін герметикалық қорғасын-қышқылды батареялармен жабдықталған.




ЕСКЕРТПЕ. Батареяларды ауыстыруды тек уәкілетті сервис маманы жүзеге асыра алады. Батареяны ауыстырған кезде ҰҚК кірісі мен шығысында кернеудің жоқтығына көз жеткізу керек.

Батареяны ауыстыру үшін келесі қадамдарды орындау қажет.

1-қадам. ҮҚК шығысына қосылған жабдықты өшіріңіз. 2-қадам. ҮҚК ажыратыңыз.

3-қадам. Қуат кәбілінің ашасын желілік розеткадан суырыңыз. 4-қадам. Барлық жабдықты ҮҚК шығыс розеткаларынан ажыратыңыз.

5-қадам. ҮҚК төменгі жағында орналасқан екі бұранданы бұрап, батарея бөлігінің қақпағын алыңыз және батарея бөлігінің қақпағын төмен қарай, содан кейін сыртқа сырғытыңыз. Оны шетке қойыңыз.



6-қадам. Сымдарды батарея қысқыштарынан ажыратыңыз (BAT+ және BAT-).

Батарея блогын ҮҚК-ден шығарыңыз.

Абайлаңыз! Батареяның оң және теріс шықпаларын тұйықтамаңыз.

Назар аударыңыз! Батарея сымдарын тарту арқылы батарея блогын алуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

7-қадам. Жаңа батарея блогын ҮҚК-ге салыңыз.

8-қадам. Полярлықты тексеріңіз. Полярлықты сақтай отырып, сымдарды батареяға қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ. Қосу кезінде ұшқындау болуы мүмкін.

9-қадам. Батарея бөлігінің қақпағын орнына қойып, бекітіңіз. ҮҚК жұмысқа дайын.

ЕСКЕРТПЕ. Пайдаланылған батареяларды қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорынға жеткізіңіз немесе жаңа батареялардың қаптамасында жеткізушіге жіберіңіз.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

| Моделі | Game Power Pro 1000 | Game Power Pro 1500 |
|--|--|--|
| Қуаты | 1000 ВА / 600 Вт | 1500 ВА / 900 Вт |
| Кіріс кернеуі | 220/230/240 В айнымалы тоқ | |
| Кіру кернеуінің диапазоны | 185~280 В айнымалы тоқ** | |
| Шығыс кернеуін тұрақтандыру | + / -10% (автономды режим) | |
| Номиналды жиілік | 50 Гц | |
| Жиілікті тұрақтандыру (офлайн режимі) | 50 Гц +/- 1 Гц | |
| Кіріс жиілігі диапазоны | 45 Гц – 55 Гц | |
| Ауыстырып қосу уақыты | 6 мс (тип.), 10 мс (макс.) | |
| Шығыс кернеуінің нысаны | Таза синусоида | |
| Батареялардың түрі мен саны | Қорғасын қышқылы, 12 В/9 Асағ, 1 дана. | Қорғасын қышқылы, 12 В/9 Асағ, 2 дана. |
| 50% жүктеме кезінде батареяның қызмет ету мерзімі | ~ 7 мин | ~ 10 мин |
| 100% жүктеме кезінде батареяның қызмет ету мерзімі | ~ 2 мин | ~ 3 мин |
| Зарядтау уақыты | 6-8 сағат 90% сйымдылыққа дейін | |
| 100% жүктеме кезінде желілік режимдегі тиімділік | 98% | |
| Қысқа тұйықталудан қорғау | Бағдарламалық қамтамасыз етуді қорғау | |
| Өлшемдері (Г x Е x Б) | 308×99×280 мм | 430×99×280 мм |
| Таза салмағы, кг | 8,5 | 13,8 |
| Салыстырмалы ылғалдылық | 20-90 % конденсациясыз 0-ден +40 °С-қа дейінгі температурада | |
| Шу деңгейі | 1 м қашықтықта 40 дБ-ден аз | 1 м қашықтықта 45 дБ-ден аз |

*Сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

**170-185 В кіріс кернеуінің диапазонында шығыс кернеуінің шамасы номиналды параметрлерден өзгеше болуы мүмкін.

9. КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Өндіруші соңғы пайдаланушы бірінші рет сатып алған кезде және кепілдік мерзімі ішінде құрылғы материалдарында және өндірістік ақауларда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілді қызмет көрсету құқығын растау үшін кассалық чекті немесе құрылғыны сатып алу фактісін растайтын басқа құжатты сақтаңыз. Кепілдік құқығы тек сатып алынған елде ғана жарамды.

Өндірушінің бұйымда белгілеген кепілдік мерзімі мен қызмет мерзімі кестеде көрсетілген:

| Өнім | Үлгілері | Сату күні-нен бастап | Өндірілген күннен бастап | Құрамындағы АҚБ-ға кепілдік | Қызмет мерзімі |
|---------------------------|--|--|--------------------------|--|----------------|
| ҮҚК | 1- Innova Modular, Innova RT II, Innova RT 33, Innova RT 10K/20K | Пайдалануға енгізілген күннен бастап 24 ай | 36 ай | Пайдалануға енгізілген күннен бастап 24 ай | 120 ай |
| | 2 - Өзгелері | 24 ай | 30 ай | негізгі құрылғы-дағыдай | 84 ай |
| Батареялы блоктар | Innova RT II, Innova RT 33, Innova RT 10K/20K | Пайдалануға енгізілген күннен бастап 24 ай | 36 ай | Пайдалануға енгізілген күннен бастап 24 ай | 60 ай |
| | Басқалары | 24 ай | 30 ай | негізгі құрылғы-дағыдай | 36 ай |
| ҮҚК аксессуарлары | Барлығы | 24 ай | 30 ай | Жоқ | 36 ай |
| Қуатты бөлу | Барлығы | 24 ай | 30 ай | Жоқ | 36 ай |
| Тұрақтандырығыштар | Барлығы | 24 ай | 30 ай | Жоқ | 36 ай |
| Аккумуляторлық батареялар | Модели с номинальной емкостью от 5 до 100 Ач | 12 ай | 24 ай | жоқ | 60 ай |
| | Модели с индексом L / номинальной емкостью от 100 Ач | 12 ай | 24 ай | жоқ | 120 ай |
| Желілік сүзгілер | Барлығы | 12 ай | 24 ай | Жоқ | 24 ай |
| Қуат бейімдегіштері | Барлығы | 12 ай | 24 ай | Жоқ | 36 ай |

Іррор өнімдерін пайдалану кезінде мәселелер мен қиындықтар туындаған жағдайда, Сізден техникалық қолдау қызметіне <https://irron.ru/support/help/> «Қолдау» бөлімінде хабарласуыңызды сұраймыз.

Егер Іррор құрылғысы кепілдік қызметін қажет етсе, сатушыға немесе IPPON кез келген авторландырылған сервис орталығына (бұдан әрі-АСО) хабарласыңыз. АСО толық тізімімен <https://irron.ru/support/centers/> «Қолдау» бөлімінде сайтында танысуға болады.

Кепілдікті қызмет алу үшін құрылғымен бірге кассалық чекті немесе IPPON бұйымын сатып алу фактісі мен күнін растайтын өзге де құжатты көрсету қажет. Мұндай растау болмаған кезде кепілдік мерзімі құрылғы шығарылған күннен бастап есептеледі.

Innova RT II, Innova RT 33, Innova RT 10K/20K, Innova Modular және оларға арналған батарея блоктарына кепілдік іске қосу-реттеу жұмыстары (ІҚР) жүзеге асырылған сәттен бастап қолданылады. Кепілдіктің қажетті шарты Іррор немесе авторландырылған сервис орталықтарының инженерлері ІҚР-ді жүзеге асыруы болып табылады. Кепілді қызмет алу үшін ІРЖ орындау туралы актіні ұсыну қажет. ҰҚК немесе батарея блогының құрамына енетін аккумуляторлық батареяларға кепілдік батареялардың зауыттық жиынтығына қолданылады.

Осы кепілдік мыналарға қолданылмайды және қамтымайды:

- Іске қосу-реттеу жұмыстары, профилактикалық қызмет көрсету, теңшеу және басқа да ілеспе жұмыстар бойынша қызметтер;
- Шығыс материалдары, кәбілдер, құжаттама, қаптама, бекітпелер, ақпарат тасымалдағыштар
- Іррор өнімдерімен бірге жеткізілетін бағдарламалық жасақтама

Кепілдікті қызмет көрсету құқығы келесі жағдайларда жоғалады:

- Пайдалану, тасымалдау, сақтау қағидаларын сақтамау және арналымы бойынша пайдаланбау
- Дайындалған күннен бастап кепілдік мерзімі аяқталды
- Бұйымның сериялық нөмірін нақты анықтау мүмкін емес
- Авторландырылмаған жөндеу іздерінің болуы
- Шешілмейтін күш мән-жайларының, сондай-ақ кәбіл мен корпустың механикалық зақымдануының, бөгде заттар мен сұйықтықтардың, оның ішінде тоқ өткізгіш немесе жылу алмасуды бұзатын қоқыстардың (шаң, үгінділер және т.б.), жануарлар мен олардың тіршілік әрекетінің өнімдерінің және сатушы мен дайындаушыға тәуелді емес өзге де себептердің әсерінен туындаған ақаулардың болуы.

Өндіруші тікелей немесе жанама шығындарға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қапы жіберілген пайдаға, мүліктің бүлінуіне, басқа өндірушілердің кез келген жабдығының зақымдалуына, оларды бұйыммен бірлесіп пайдалану нәтижесінде туындаған шығындарға жауап бермейді.

Жабдықты тіркеу

Іррор жабдығыңызды * және оған батарея блоктарын <http://irron.ru> сайтында тіркеңіз Тіркеу кезінде кепілдік мерзімі 12 айға ұлғаяды (құрылғылар құрамындағы АҚБ-ға қолданылмайды).

Тіркеу пайдалануға енгізілген күннен бастап 3 айға дейін немесе кешіктірілмей жүргізілуі мүмкін.

** тіркеу келесі жабдық үшін мүмкін: Innova Modular, Innova RT II 33, Innova RT 33, Innova RT 10K/20K және кез келген өзге де үш фазалы модельдер*



ДАЙЫНДАУШЫ:

Ниппон Клик Системс Лимитед

Мекенжайы: Куиджано Чэмберс, а/ж 3159, Роуд Таун, Тортола,
Британдық Виргин Аралдары
Қытайда жасалған

Nippon Klick Systems Limited

Address: Quijano Chambers, P.O.Box 3159, Road Town, Tortola, British
Virgin Islands
Made in China

Ниппон Клик Системс Лимитед

Мекенжайы: Куиджано Чэмберс, а/ж 3159, Роуд Таун, Тортола,
Британдық Виргин Аралдары
Қытайда жасалған.

Импортер және тұтынушылардан шағым қабылдауға уәкілетті ұйым:

«Мерлион» ЖШҚ

Ресей, Мәскеу облысы, Красногорск қаласы, Құрылысшылар б-ры, 4 үй

LLC «Merlion»

Boulevard Stroiteley, Building 4, Krasnogorsk, Moscow Region, Russia

«Мерлион» ЖШҚ

Ресей, Мәскеу облысы, Красногорск қаласы, Құрылысшылар б-ры, 4 үй

Құрылғы туралы толығырақ ақпарат алу үшін келесі сайтқа кіріңіз:

www.ippon.ru

Өндіруші тауардың жиынтықтамасын, техникалық сипаттамаларын
және сыртқы көрінісін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік мерзімі: 2 жыл*

Қызмет мерзімі: пайдалану шарттарына байланысты 7 жылға дейін

Өндірілген күні қаптамада көрсетілген

*кепілдікті шарттарға сәйкес



V1.2023